

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Шымкент қалалық Білім Басқармасы

Жол-көлік колледжі

ЖОБА

ТАҚЫРЫБЫ ӘДЕБИ ЖАНР ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУДА ЖАҢА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА
ОТЫРЫП, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ



Орындаған Омарова С.М.



МАҚСАТЫ:

- Әдеби жанр түрлерін меңгертуде әр автордың қаламынан туындаған, құнды шығармаларды ізденіп оқуда, ақпараттық құралдар материалдарын тиімді пайдалануға оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін, рухани байлығын, функционалды сауаттылығын арттыру, өз мамандығына деген сүйіспеншілігін дамыту.

МІНДЕТІ:

- ✓ Жанр түрлерін оқуға қызығушылығын ояту;
- ✓ Ақпаратты өзі іздеп табуға белсенділігін арттыру;
- ✓ Ұлттық мәдени-құндылық тұлғаны қалыптастыру;
- ✓ Шығарманың композициялық тілдік құрылысын, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдауда, өз ойын, пікірін, еркін жеткізе алуға ықпал ету;
- ✓ Әдебиеттегі жанр мен тек түрлерінің теориясын зерттеген ғалымдар туындысын зерделей өзі таңдаған тақырыпта ғылыми ізденіс жұмысын жазуға, оны қорғауда ақпараттық технология қызметін тиімді пайдалануға бағыт-бағдар беру.

Жоспары:

I Кіріспе

Әдеби жанр туралы түсінік

II Негізгі бөлім:

- a. Қазіргі замандағы батыс әдебиеттану ғылымдарының жанр мәселесі туралы ой-пікірлері
- b. Жанр формалары
- c. М.М.Бахтиннің жанрлық тұжырымдамасы
- d. Шығарманың жанры мен құрылымы
- e. М.С.Каганның жанрлық классификациясы

III Қорытынды

ӘДЕБИ ЖАНР

Әдеби жанр-бір мезетте жазушының жазу мәнері арқылы анықталатын белгіленген ереже (Р. Уэллек, О.Уоррен)

Әдеби жанрлар (фр. тілінде genre - түр, тек, жанр)- ауызша және жазбаша шығармалардың көркем даму процесінде қалыптасады

Шығарма жанры дәстүрлі түрде мынадай негізгі белгісі бойынша анықталады - бір жанрдағы шығармаларды біріктіретін және айтарлықтай тұрақты, әрі тарихи қайталанатын сипаттағы мазмұнына, құрылысы мен түріне қарай

Жанр- тұтас шығармадағы айтылмақ ойдың өн бойындағы шынайы форма (М.М.Батин)

Әдебиеттегі жанр мен тек түрлерінің теориясының негізін тұңғыш рет Аристотель қалады. Аристотель өзінің «Поэтика» еңбегінде әдебиетті «сөзбен өрілген өмір» дейді. Солай деп айта келе ұлы философ оның үш түріне тоқталады

Эпикалық тәсіл

- Оқиғаға автордың өзі қатыспай сырттай бейнелеуі

Әдеби тәсіл

- Автордың жан толғанысы, ішкі сезімі, лирикалық көңіл -күйі

Драмалық тәсіл

- Жазушының бейнеленген кейіпкерлері айтайын деген ойын өзінің іс-қимылы, дауыс ырғағы, интонациясы арқылы сахнада береді

ЖАНР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шығарманы сипаттау үшін оның мазмұнының жанрлық ерекшеліктері маңызды

Эпикалық, драматургиялық, лирикалық және лиро-эпикалық сияқты жанрлық топтар ерекшеленген

Осындай топтардың әрқайсысының шегінде шығарманың әдеби тегі, өлеңдік және прозалық формасы және соңғысы, өзінің көлемі бойынша ажыратыла алады

Көне әдебиеттің жанрлық жүйесі күрделілігімен және көп тармақтылығымен ерекшеленеді

Жанр


Жанр - бұл тарихи құбылыс емес, типологиялық құбылысқа жатады

Олардың құрылысы мүлдем басқаша болғанымен, нақты жанр туындысы болады

Роман, комедия, элегиялардың жанрлық ортақтығы неде?


Оны шығарманың өң бойынан іздеген дұрыс болар деп ойлаймыз

Яғни, шығарма авторының өз ойын беру әдісі жанрлық тұтастықты құрайды




Бір елде ерте, бір елде кеш тарап, жанр атаулары қанатын кеңінен жайды, сонымен қатар осы процесс істінде олар әртүрлі ассоциацияларға ие болып, басқа да мағыналарды жүктеді. Мысалы, Италияда «новелла» сөзі басында әртүрлі жанрдағы прозалық шығармаларды, рыцарлық романдарды, антикалық дәуірдің батырлық мифтерін, тарихи туындылар мен мысалдарды білдірумен қатар, тұрмыстық күлкілі әңгімелерді де білдірді. Ал Ресейде повестерді новелла деп атады. Жазушылар өздерінің шығармаларына қоғамның санасында қалыптасатын жанрлық атауын белгілейді.

**Қазіргі
замандағы батыс әдебиеттану
ғылымыдарының
жанр мәселесі туралы ой-пікірлері**
Р.Уэллек О.



Уоррен



Уэллек пен Уорреннің ойы бойынша жанр мәңгілікке белгіленбейді. «Шығармағы жеке, сыни көзқарас жаңа тек түріне жол ашуға мүмкіндік береді. Уэллек пен Уоррен жанр деп шартты түрде жалпы «ішкі» (ішкі сезім, көңіл-күй, қарым-қатынас, ойлау, өзге сөзбен айтсақ- тақырып пен аудитория) және «сыртқы» (пішіні, құрылымы) теориялық белгісі көрінетін әдеби шығармалар тобын атайды

ЖАНР ФОРМАЛАР Ы



Памфлет

Повесть

Әңгіме

Эпопея

Поэзия

Ертегі

Сонет

Эллегия

Ода

Баллада

Роман

Эпиграмма

М.М.Бахтиннің жанрлық тұжырымдамасы



1. Шығарманың жанры және ішкі диалогтылығы

2. Шығарманың жанры мен құрылымы

3. Әдебиеттану ғылымының тарихындағы жанрлар, олардың генезисі мен дәстүрі

Шығарманың жанры мен құрылымы

Ғалымның өдеби жанрға деген қызығушылығының артуын түсінуге болады. Өйткені бұл көркем тәжірибені сыртқа шығарудың айқын нормасы

Мазмұнды форманың айқын мысалы. Бахтиннің негізгі еңбегі жанрлардың мазмұндық ерекшелігін дәлелдеуі

Ғалым жанрдың қандай да бір поэтикалық құрылымының тұрақты элементін қарастырса да, ол өзінің мазмұндылығымен түсіндіріледі

Бахтиннің зерттеулері ғалымдар арасында жанр туралы семиотикалық көзқарастың қалыптасуына себепші болды. Өдебиет бойынша семиотикалық жұмыстарда жанрлардың семиотикасына арнайы назар аударған

Өйткені бұл өнердің даму сатысының бастапқы кезеңіндегі поэтика болып табылады.

ЖАНР БАҒЫТЫ



Біріншіден, авторлар жанр таңдауда бәрінен бұрын көркем қабылдау шартын ескереді



Екіншіден, жанр әртүрлі оқырман қауымына арналған

Әр әдеби жанрға дәуір мен бағыттың шегінде өзіндік оқырманы бар болуы тән. Әр дәуір оқырманының, тыңдарманының, халық пен жұртшылықтың көркем туындыны ерекше түсінуі, сезінуі ерекше. «Екінші» (әдеби) және «бірінші» (мысалы, тұрмыстық) жанрлардың көркем мәтінді баяндауда ұқсастықтары болғанымен күрделілік дәрежесі бойынша өзгешеленеді

М.С.КАГАННЫҢ ЖАНРЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ



- М.С. Каганның теориясы төрт тарапты жанрлық классификацияның жобасы ретінде белгілі. Жанрлар «тақырыптық», «танымдық» тұрғыдан, «аксиологиялық», (трагедия-комедия), сондай-ақ үлгілі моделдер құруы бойынша (очерк, мысал) дифференцияланады. Осы принциптердің әрқайсысының өзіне тән құрылымы бар. Каганның сызбасын әдебиетте пайдалану көп дау туғызады. Жетекші мазмұны проблемалық дәрежеде болғандықтан, тақырыптық немесе сюжеттік-тақырыптық шектеу (прозада махабаттық-психологиялық, әлеуметтік-талдау, тұрмыстық, рыцарлық, әскери, детективті жанрлар бөлінген) шартты түрде.

Қорытынды

Білім берудің мақсаты білік пен дағды, машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, бүгінгі заманға лайықты өмір сүру және жұмыс істеу.

Нәтижесі

Әдеби жанр түрлері оқушылардың сөздік қорын дамытып, функционалдық сауыттылығын арттырумен қатар, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіріп, өз бетінше ізденіп, кітап оқуға қызығушылығын, ынтасын, құштарлығын, құлшынысын күшейтеді.

Әдеби жанр түрлерін, жаңа инновациялық технологиялардың әдіс –тәсілдерін қолдана жүргізуде оң нәтиже береді.